

МКҚК №11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы



№3 «Күнбағыс» ортаңғы тобы
Ұйымдастырылған оқу қызметінің вариативтік
жоспары
2020-2021ж

Тәрбиешілер: Мусабеева Н.П
Сулейменова К.А

Шымкент

Бекітемін
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақша басшысы
А.Ш.Есбол
«___» _____ 2020ж

«Бәрін білгім келеді!» вариативтік бөлім

Мақсаты: Балалардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, көркемдік адамгершілік, азаматтық тәрбие беру және балалардың бос уақытын ұйымдастыра отырып, балалардың қабілеттерін ашу.

№	Тақырыптары	Сағат саны	Мерзімі
1	«Балабақша-өз үйім!»	2	04-11.09.2020ж
2	«ҚРМ Рәміздері»	2	18-25.09.2020ж
3	«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі	1	02.10.2020ж
4	«Мақта қыз бен мысық» (Ертегі)	2	9-16.10.20ж
5	«Өз үйін тап?» (Мантессори әд-сі)	1	23.10.2020ж
6	«Алтын күз»	1	30.10.2020ж
7	«Жапырақтың күзгі серуені» (Ертегі)	1	06.11.2020ж
8	«Біздің үй»	1	13.11.2020ж
9	«Торғай мен түлкі»	3	20-27-4.12.20ж
10	«Куыр-куыр, қуырмаш»	2	11-18.12.2020ж
11	«Менің бөлмемдегі өсімдіктер»	1	25.12.2020ж
12	«Алма ағашы»	1	08.01.2021ж
13	«Ойыншықтар достығы»	1	15.01.2021ж
14	«Өзінің отбасы туралы әңгіме»	5	22,29,5,12,19.
15	«Қолғап театыры»	2	26-05.03.2021
16	«Тыйым сөздер»	1	12.03.2021ж
17	«Жұмбақтар»	2	19-26.03.21ж
18	«Шалқан» (ертегі)	2	2-9. 04.2021ж
19	«Ойын ойнап, ән салмай»	2	16-23.04.21ж
20	«Мақал-мәтелдер»	2	30-14.05.21ж
21	«Санамақтар»	1	21.05.2021ж

Барлығы: 36 сағат

Әдіскер: Жалымбетова Л.Р

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Балабақша-өз үйім!»	Балаларды балабақша өмірімен, топ бөлмесімен таныстыру, ондағы жихаз атауларын атауға, олардың қызметін сипаттап беруге үйретіп, сөздік қорларын дамытып, тіл байлықтарын арттыру.	• Жылулық шеңбері: Біз балалар бағында, Тұрмыз өте көңілді. Көп болсақта достықпен, Өткіземіз өмірді. (Х. Ұбанұлы) • «Мен балабақшаға барамын» (М. Әлімбаев) Мәтінді мәнерлеп, оқып беру. • Талдау, жандандыру. -Балабақшаға алғашрет кім барады? -Анасы қызын қалай оятты? -Айшаның көйлегінің түсі қандай? -Қалтасына не салды? -Беторамалды қалтаға не үшін салды? * Сергіту сәті: Мамаңа еріп келдің сен, Папаңа еріп келдің сен. Қаладағы ең жақсы үй, Балабақша мен білсем. • Дид/ойын: «Өз үйін тап!» Мақсаты: Монтессори әдістемесі арқылы, дәнді - дақылдарды пайдалана отырып, ұсақ қол моторикасын дамыту. • Жылулық шеңбері: Күніміз ашық болсын! Түніміз тыныш болсын!

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Балабақша- өз үйім»	Балаларды балабақша өмірімен, топ бөлмесімен таныстыру. Ондағы жихаз атауларын атауға, қызметін түсіндіріп, сөздік қорын дамытып, тіл байлықтарын арттыру.	Балаларды шеңбер бойына тұрғызып, М.Әлімбаевтің «Біздің балабақша» атты өлеңін оқып беру. Балабақша есігін, Үшке толы ашқанбыз. Балапандай өсіріп, Мәпелейді бақшамыз. Бұл екінші үйіміз, Бір туғанбыз бәріміз. Біз-сол үйдің гүліміз, Біз-сол үйдің сәніміз. * Балабақша өмірімен таныстыру. -Балалар, мынау біздің тобымыздың бөлмесі. Бөлmemіз жарық, әрі кең. Топта сендерге арналған көп ойыншықтар бар. * Балаларға демонстрациялық көрнекілікті көрсете отырып, балабақшамен таныстыру. * Сергіту сәті: Қане, қанат жазайық, Қарлығаш боп ұшайық. Ұшып, ұшып алайық, Орнымызды табайық. • Дид/ойын: «Нені қайда қойамыз?» Шарты: Заттарды атай отырып, оларды қайда тұратынын айту. (мысалы: сырт киім және аяқкиім заттарын киім ілетін шкафтарға жинайды) • «Біз не білдік?»

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Қазақстан Республикасының рәміздері»	Қазақстан республикасының мемлекеттік рәміздері: елтаңба, ту, әнұран туралы білімдерін қалыптастыру. Олардың бейнесінен әр элементті көре білуге, есте сақтай білуге үйрету. Рәміздерді құрметтей білуге, Отанын сүйуге тәрбиелеу.	• Шаттық шеңбері: Қазақстан Республикасының ән ұраны. -Бұл орындаған әніміз Қазақстан Республикасының ән ұраны. Оны әр уақытта құрметтеп тұрып тыңдайды. * Суретпен жұмыс: «Қ.Р-ның туы және елтаңбасы»-деп көңілдерін суретке аудару. Менің Отаным-Қазақстан. Қазақстан-егеменді ел. Қазақстан - тәуелсіз мемлекет. Қазақстанда көп ұлттар тұрады. Елбасымыз-Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Астана - бас қала. Қазақ тілі - мемлекеттік тіліміз. • Сұрақ-жауап: -Тудың түсі неге ұқсайды? -Елтаңбада нелер бейнеленген? Үлкен мерекелерде, салтанатты жиындарда туымыз көтеріліп, ән ұранымыз орындалады. • Дид/ойын: «Қай ұлттың бас киімі?» Мақсаты: Ойлау қаблеттерін арттырып, достық қарым-қатынастарын нығайту. • Ән: «Көк тудың желбірегені!»

Тақырыбы	Мақсаты	Іс – әрекет барысы
«Қазақстан Республикасының рәміздері»	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, ту, әнұран туралы білім қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру, мусіндеу, аппликация арқылы Отанын сүйуге тәрбиелеу.	• Шаттық шеңбері: Қ.Р-ның ән ұраны орындалады. • Әңгімелесу. Балалар, оздері тұратын қаласы, баратын балабақшасы туралы әңгімелеседі. Өздеріне ұнайтын жерлерді айтып, бір-бірлерімен әңгіме жүргізді. • Дид/ойын: «Үлкен шар!» Мақсаты: Отанын сүйуге, патриоттық тәрбие беру. Достыққа, баулу. • «Менің - сүйікті қалам!» Құрастыру орталығында ұжымдық жұмыс жасау. • Сергіту сәті: Қазақстан, Қазақстан Тәуелсіз ел бақытты, Қазақстан, Қазақстан Тәуелсіз жер бақытты. • Қортынды: Қ.Р-ның мемлекеттік рәміздері туралы түсініктерін тексеріп, ойлау қаблеттерін арттыру. Рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу.

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі	Дала құстары туралы түсінік беру. Жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы біім беру. Көркем шығарманы тыңдай білуге үйрету. Трафаретпен жұмыс істеуге үйрету.	Жылулық шеңбері Тәрбиеші балалардың құстың ойыншық бейнесін немесе оның суретін көрсетіп, мейріммен өлеңді оқу: Терезеге қонған құс, асықпашы, ұшпашы, Отыра тұршы аз ғана-ай! Ұшып кетті-ау, ай-ай! Әңгімелесу Педагог балалармен құстар, олардың тіршілігі туралы әңгімелеседі. Суретпен жұмыс Құстардың суреттерін қарап өз таныған құстардың аттарын атайды. «Құс болғым келеді» Сергіту сәті Қане, қанат жазайық, қарлығаш боп ұшайық. Ұшып-ұшып алайық, орнымызға қонайық. Қарлығаш боп ұшайық, торғай болып қонайық. Сауысқан боп секіріп, тоқылдақ боп шоқиық. «Қарлығаш пен дәуіт». Оқу. Талдау. «Біз не білдік?» Жылулық шеңбері Құстар біздің досымыз, бау-бақшаны қорғайды. Ұя жасап қарсы алсақ, құстар бізді қолдайды.

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Мақта қыз бен мысық» (ертегісі)	Ертегі кейіпкерлердің ерекшеліктерін ажырата білуге, көркем сөйлеуге үйрету. Балалардың дауыс интонациясын қадағалау, сахналау барысында кейіпкерлердің бейнесіне еніп, олардың мінез-құлқын келтіру. Түрлі эмоцияларды келтіру үшін интонациямен дыбыстауды қалыптастыру, ертегіні есте сақтауға, шығармашылыққа тәрбиелеп, сөйлеу, тілдік қорын молайту.	• Жылулық шеңбері: Балалар мен өздерінің уйдегі мысықтары туралы әңгіме жүргізу. • «Мақта қыз бен мысық» ертегісін мәнерлеп оқып беру. • Сұрақ-жауап: -Мақта қыз, не тауып алды? -Кімді шақырды? -Неге келмей қойды? -Мақта қыз не истеді? -Мысыққа неведі? -Мысық Кімдерге барды? -Мақтағызға не әкелді? -Мақта қыз не берді? * Сергіту сәті: Пеш үстінде мысық отыр, Іші оның пысып отыр. Тышқан қашан өтеді деп, Мысық оны күтіп отыр. • Дид/ойын: «Бұл қай ертегі?» Мақсаты: Ойлау, есте сақтау қаблеттерін арттыру. Сөздік қорларын молайту. Көркем сөйлеуге, үйрету.

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Мақта қыз бен мысық»	Ертегі кейіпкерлерінің ерекшеліктерін ажырата білуге, көркем сөйлеуге үйрету, баланың дауыс интонациясын қадағалау, ертегі қойылымы арқылы, сөздік қорын, ойлау қаблеттерін дамыту, сахналау барысында ертегі кейіпкерлеріне еніп, олардың мінез құлқын келтіру, түрлі эмоцияларын білдіру үшін интонация мен дыбыстауды қалыптастыру; балаларды жанашырлыққа, мейрімділікке бірлікке тәрбиелеу.	• Шаттық шеңбері: «Достық» жылулық шеңбері : балаларды ішкі және сыртқы шеңберге тұрғызып. Өз достарының есімдерін атап қолдарындағы жүрекшені сыйлайды. • Жұмбақ: Ұрлап ішіп үйде сүтті қоймайды, Өз құйрығын өзі қуып ойнайды. (Мысық) • Мақта қыз бен мысық» ертегісін оқу. Талдау. Жандандыру. • -Мысық Мақта қызға катықты қалай тауып берді? Сыйырға, ағашқа, суға, қыздарға, дүкенге, тауыққа барып, енле жатқанда тышқанды ұстап алады. Тышқанның бір уыс бидайы арқылы барлық достарына көмектеседі. Мінекей осылай мейрімді болуымыз керек. • Сергіту сәті: • Қим/ойын: «Мысық пен тышқан» • Өз ойларындағы мысықтың суретін салдыру.

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Өз үйін тап?»	Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту, ойлау қаблеттерін, арттыру. Заттар мен пішіндерді, алыс-жақынды, көлемін көзбен бағалауды үйрету. Сенсорлық қаблеттерін арттыру. Геометриялық пішіндер (тік төртбұрыш, шаршы, үшбұрыш, дөңгелек, сопақша) туралы білім беру; ұзын, қысқа, бірдей деген ұғымдармен таныстыру. Ұжымда бірлесіп әрекет ете білу дағдыларын қалыптастыру.	• Жылулық шеңбері: Педагог балаларға, қызыл, сары, көк және жасыл түсте жалаушаларды таратып, ішкі және сыртқы шеңберге тұрғызу. Балалар кезекпен жылы сөз айтады. • «Мұны өзім жасауыма көмектес!» • Дид/ойындар: «Өз үйін тап?» Мақсаты: Ойлау қаблеттерін арттыру, сенсорлық, ұсақ қол моторикасын дамыту. Жылдамдыққа, ептілікке баулу. • Сергіту сәті: Сыңғыр, сыңғыр сырғалар, Құлағымда ырғалар. Саусақтарда сақина, 1,2,3- бір отырып, бір тұрып, Орнымызды табайық. • «Өз орнын тап!» Шарты: Әр түрлі пішіндерді өз орнын тауып орналастыру. • «Мұны өзім жасауыма көмектес!» Шарты: Балаларға еркіндік беру, алыстан бақылау. • «Біз не білдік?»

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Алтын күз!»	Күз туралы білімдерін тиянақтау. Адамдар еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу. Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін меңгерту. Ойындар, өлеңдер, тақпақтар арқылы күз мезгілін ажыратуға үйрету.	• Жылулық шеңбері: Балалар шеңберге тұрып Ж. Қалжанованың «Күз келгенде» әнін орындау. • Күз келгенде Күз келіпті көңілсіз Десек те, десек те, Күздің берер жемісін, Есеп те, есеп те. Түрлі түсті бояуын, Жер бетіне кестелеп. Күз келгенде егінші Егін жиар дестелеп. Күз келіпті көңілсіз, Десек те, десек те. Бау-бақшаның пісері, Есеп те, есеп те. • Сұрақ-жауаптар • Сурет бойынша әңгімелесу • Дид/ойын: «Не қайда өседі?» Мақсаты: Жыл мезгілдерін ажыратуға, жемістер мен көкөністердің айырмасын білуге үйрету. • Үстел үсті ойындар: «Жемістер мен көкөністер»

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Жапырақтың күзгі серуені» (ертегі)	Күз туралы білімдерін тианақтау. Адамдар еңбегіне құрметпен бағалау. Ырыс, құт береке, достық, бірлік сөздердің мағынасын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту. Байланыстырып сөйлеу тілін, көркемдік талғамын, қимыл-қозғалысын дамыту.	• Жылулық шеңбері: Балалар түрлі-түсті жапырақтарды бір-біріне ұсынып, жылы тілектерін білдіреді. • Ән: «Бұл алтын күз!» Өлкеміз түрленеді, Әсем бір күйге енеді. Жапырақтар сарғайады, Сұр бұлттар көшеді. Қы-сы Бұл алтын, күз, күз! Бұл сары, күз, күз! • Ертегі: «Жапырақтардың күзгі серуені» Мәнерлеп оқып беру. • Сұрақ-жауап, талдау. -Жапырақша неден қорықты? -Жалғыз өзі қыс мезгілінде қар астында қалудан. -Жапырақша қуанып недейді? -Бірге тату тұрып, бірге өмір сүргенге не жетсін! * Дид/ойын: «Бұл қай ертегі?» • Біз не білдік?

Тақырыбы	Мақсаты	Керекті құралдар	Іс-әрекет барысы
«Біздің үй»	Балалардың эстетикалық сезімдерін, қиялын дамыту, жапсыру әдістерін үйрету. Түрлі-түсті қағаздардан геометриялық пішінде үшбұрышты, тік төртбұрышты, шаршы, домалақ, сопақшаны даын затқа қағаз бетіне дұрыс желімдеп жапсыруға үйрету.	Түрлі-түсті қағаздар, қайшы, желім, сүлгі, геомертиялық пішіндердің суреттері, ойыншықтар, үлгі суреттер.	Сергіту сәті Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр Алға қарай бір адым, Жоғары, төмен қарайық, Орнымызды табайық. Қағазбен практикалық жұмыс түрі: Умаждау, бүктеу, жырту, ұстап көру. Балалардың кеңістікті қабылдауы: Заттар мен құбылыстардың көлемін, түрін, аумағын, алыс, жақындығын, бағыт-бағдарын қабылдауға үйрету. «Пішіндерді ата?» Дид/ойын Сергіту сәті Суда балық жүзеді, Суда өмір сүреді. Айнадағы бейнедей Қимылдарды қайтала. Оңға-солға бұрылдық, Алға-артқа иілдік, Тіземізді бүктіріп, Қолды создық, тік тұрып. Жеке балалармен жұмыс Балаларды бақылап, жұмысынан қиналып отырған балаларға бағыт, бағдар беріп көмектесу.

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Торғай мен түлкі»	Ертегі оқу арқылы, оның мазмұнын түсіндіру. Оқылған ертегінің мазмұнын әңгімелеп беруге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айтуға дағдыландыру.	• «Көру» шеңбері Балаларды жарты шеңберге отырғызу. Көздерін жұмып, педагогтің айтқандарын көз алдарына елестетіп әңгімелейді. -Мен ұшып жүрген көбелекті көрдім. -Мен тауда жүрген аңдарды, түлкіні көрдім. -Мен ағашта отырған торғайды көрдім. Мен жайқалып, өсіп тұрған егінді көрдім. • Жұмбақ» Өзі айлакер, өзі бір қу. Жүрген жері айқай шу. (түлкі) • «Торғай мен түлкі». Оқу. Талдау. Әңгімелесу. • «Құстардың үйшігін қалыптастыру». Балалар геометриялық пішіндерді пайдалана отырып, беріген үлгіге қарап құстарға үйшік құрастырады. Қандай геометриялық пішіндерді Қолданғандарын айтады. • Дид/ойын: «Көлеңке» Ойын бірнеше рет қайталанатын. Қайталанған сайын әр түрлі аңдар мен құстарды атауға болады.

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Торғай мен түлкі»	Ертегі оқу арқылы, оның мазмұнын түсіндіру. Диалог сөздерді мәнеріне келтіре, қажетті көңіл-күймен айту дағдыларын қалыптастыру. Балалардың халық ертегілеріне сүйіспеншілігін ояту.	• «Жылулық шеңбері» Педагог балаларды құстың ойыншық бейнесін немесе оның суретін көрсетіп, мейіріммен өлеңді оқу. Терезеге қонған құс, асықпашы, ұшпашы Отыра тұршы аз ғана-ай! Ұшып кетті-ау, ай-ай! • Жандандыру. Әңгіме. Талдау. • Тыйым сөздер • Сергіту сәті: «Құс болғым келеді» Қане, қанат жазайық, қарлығаш боп ұшайық. Ұшып-ұшып алайық, орнымызға қонайық. Қарлығаш боп ұшайық, торғай болып қонайық. Сауысқан боп секіріп, тоқылдақ боп шоқиық. • Өнер орталығы: Үлгіге қарап, геометриялық пішіндерді қолдана отырып, торғай мен түлкінің суретін салдыру (жеке балаларға көмек) • Дид/ойын: «Ұшты-ұшты» -Ұшты-ұшты, торғай ұшты! -Ұшты-ұшты, түлкі ұшты! * Біз не білдік?»

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Торғай мен түлкі»	Ертегінің мазмұнын тиянақтау. Шығарманы жүйесімен баяндап, ролге ене отырып, мәнерлеп айта білу іскерлігін жетілдіру.	• Жылулық шеңбері: Әңгімелесу. Педагог кішкентай ойыншық балапанды алып, оған жылу тілектер айтуды сұрау. • Суреттерді көрсете отырып «Бұл қай ертегідегі кейіпкер?» екенін сипаттап, әңгімелеп беретін ойын. • Ж. Смақоновты «Торғай ағаш қорғайды» өлеңін жаттау. Шыр-шыр еткен торғайды Қорғамайсаң болмайды. Кіп-кішкентай торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды. Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. • «Көлеңке театры» арқылы «Торғай мен түлкіні» тамашалау • Торғай мен түлкіні түрлі пішіндер арқылы жапсыру. (педагогтің көмегімен) • «Біз не білдік?

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Қуыр-қуыр қуырмаш»	Балаларға ұлттық ойындар арқылы, мейрімділікке, ептілікке баулау. Ұлттық ойын-сауық түрлерімен таныстыру. Байланыстырып сөйлеу дамыту. Сөзді тыңдап, оны түсіну, әңгімеге арласып, өзіне қойылған сұрақтарға жауап беріп, өзін қызықтырған сұрақтарды сұрауға үйрету.	• Жылулық шеңбері: Педагог балаларды шеңберге тұрғызып, ойын басшысының көзін қол орамалмен байлап, «Мені тап!» ойынын ойнатып, тапқан балаға жақсы тілегін білдірту. • «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойынын ойтату 1. Бас бармақтан бастап, шынашаққа дейін бір рет саусақтардың атын түгелдей айту керек. Олар-бармақ, сұқ қол, ортан қол, аты жоқ қол шынашақ. • «Ойна да күл!» Әңгіме. Талдау, Сұрақ-жауап. • Жандандыру. «Сен қай ойынды ұнатасын?» Ұл балалар, асықпен, түрлі машиналармен ойнайтынын айтып, қыздарымыз қуыршақ ойнайтыны жөнінде айтып өтті. • «Біз не білдік?»

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет кезеңдері
«Қуыр-қуыр, қуырмаш»	Ұлттық ойындар арқылы балаларды мейрімділікке, ептілікке баулу. Ұлттық ойын-сауық түрлерімен таныстыру. Байланыстырып сйлеуін, сөзді тыңдап оны түсіну, әңгімеге арласып, өзіне қойылған сұрақтарға жауап беріп, өзін қызықтырған сұрақтарды сұрауға үйрету.	• Шаттық шеңбері: Педагог балаларды шеңберге тұрғызып, «Біз енді үлкенбіз!» М.Әлімбаевтің оленін айтқызады. Осы біз де- Өзімізде дардаймыз! Бұзақының Біз ақылын алмаймыз. Көргендіге Ерген бірге-достармыз. Жақындықты, Татулықты қостаймыз.-деп өз достарының есімін айтады. • Қим/ойын: «Соқыр теке» • «Сымсыз телефон», «Жүзігім» • «Бір шаңырақ астында» Н. Айтовтың өлеңін айтқызу Балаларға өз достарына сыйлыққа сурет салуды ұсыну. Ойын: Қуыр-қуыр, қуырмаш, Балапанға бидай шаш. Әжең келсе есік аш, Қасқыр келсе мықтап бас. Ұры, бөрі, сұғынған

Тақырыбы	Мақсаты	Керекті құралдар	Іс-әрекет барысы
«Менің бөлmemдегі өсімдік»	Бөледе өсірілетін өсімдіктерді білу, оларды баптап күтуге үйрету. Оларды бір-бірімен салыстырып айырмашылығын ажыратуға баулу. Қайырымдылыққа баулап, әсемдікті, сұлулықты көре білуге үйрету. Балалардың гүлдер туралы білімдерін кеңейту. Өлең тақпақтар, нақыл сөдер арқылы тіл байлықтарын арттыру. Табиғатты қорғауға, сүйе білуге үйретіп, тәрбиелеу.	Бөлме өсімдіктері, Су сепкіш, сүлгі, топырақ қопсыту үшін таяқшалар. Түрлі-түсті қаламдар.	Шаттық шеңбері: Күнім, күлім қағады, Шуағын маған шашады. Қуан, қуан, алтын Күн! Қуан, қуан, Жер-көгңм! (Г. Бектұрова) Сергіту сәті: Күшігім Күшігім менің келе ғой Құшағыма ене ғой. Мойыныңа бау тағайын, Ойынға ертіп барайын. Ойын: «Балықты көркемде» Балалармен балықтар мен қабықшалар таратылады. Суретпен жұмыс: Балаларға суреттер таратып, ішінен өздері таныған гүлдердің аттарын атап, түстерін айтады. «Менің бөлmemдегі гүл!» Өздерінің қиялдарындағы гүлдің суретін салу. Жеке балалармен жұмыс. Бақылау.

Тақырыбы	Мақсаты	Керекті құралдар	Іс-әрекет барысы.
«Алма ағашы»	Пішіндерді бейнелеуде пропорциялық қатынастарды көре білу және оны қағаз бетіне түсіре білу дағдыларын қалыптастырып, табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.	Түрлі-түсті қағаздар, қайшы, желім, сүлгі, үлгі суреттер т.б.	Жұмбақ: Сыртқы қызыл, іші ақ, Дөп-дөңгелек, тәтті-ақ. Ағашта өседі, Күзде піседі. (Алма) Қимылды ойын: «Тірі мүсін» Саусақ жаттығулары: «Қонаққа барамыз» Басбармақтың үйіне, Келді бүгін қонақтар. Бес саусағың- бақытың, Сонда, балам, бар құтың. Бес саусағың біріксе, Текке кетпес уақытың, Барлық саусақ-тату дос, Бір-біріне көмектес. Өз өзіне қызмет жасау тәртібі: Ұқыпты болу. Жеке балалармен жұмыс: Балаларды бақылап, жұмыс игере алмай отырған балаға көмектесу, түсіндіру, үйрету. Еркін ойын.

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Ойыншықтар достығы»	Балаларға ойыншықтар олардың достығы туралы, қысқа сюжетті әңгімелерді құрастыруды жалғастыру. Өзара татулық сезімдерін дамыту, достықты қадірлей білу керектігін жалғастыру.	• «Достық торы» шеңбері Педагог балаларды ішкі және сыртқы шеңберге тұрғызып, бір-біріне жүрекше беру арқылы өз достарына жақсы тілектер айтқызу. • Бәрі бірге Біздің топта балалар, Тату-тәтті ойнайды. Дос көңілді әрқашан, Тек жақсылықты ойлайды. • «Ойыншықтар достығы» ертегіні рөлге бөліп ойнау. Талдау. • Сюжетті рольді ойын: «Аурухана» • Сергіту сәті: Ұнтаспада көңілді әуен ойналады, балалар барлық дене мүшелерін қозғалта отырып, еркін, көңілді билейді. • Өнер орталығында: «Досыма хат!» Еркін, өз достарына сыйлыққа сурет салдырту, талдату. • Дид/ойын: «Менің достарым!»

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Менің отбасым!»	Отбасы туралы түсінік беру. Өзі, жанұясы туралы әңгімеге үйрету. Үлкендерге деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу, жанұядағы жұмыстарға ерікті түрде көмектесуге баулу.	• «Еркелету» жылулық шеңбері Педагог балаларды ішкі және сыртқы шеңберге тұрғызады. Балалар отбасы мүшелері өздерін қалай еркелетіп айтатынын естеріне түсіріп, бір-біріне жылы сөздер сыйлайды. • «Не қымбат?» Қазыбек бидің сөзі. Оқу. Талдау. Әңгімелеу. «Әр адамның өз отбасы болады. Отбасы бірнеше адамнан тұрады: Ата, апа, әке, шеше, аға, іні, әпке, сіңілі, қарындас т.б. Олар кез келегін істі бірігіп атқарады, бірн-біріне көмектеседі. Отбасында біз үлкендерді сыйлауға, кішілерге көмек көрсетуге, оларға қамқор болуға көмектесеміз. • Ұсыныс: Балаларды шығармадан таныстыру алдында педагог тақырып төңірегінде сұрақ қойып, білетіндерін анықтап әңгімелеседі. Балалар біртіндеп шығарма бойынша сөйлесіп, дұрыс пайымдап, өз ойларын ж.йелеп қорытындылауға үйренеді. • Дид/ойын: «кім жоқ?» Шарты: Тақтадағы суреттерден отбасы мүшелерінің суреттерін табу.

Тақырыбы	Мақсаты	Іс - әрекет барысы
«Менің отбасым!»	Отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Қонақжайлыққа үйрету: Әдептілік ережелерін баулу; дастархан басында өзін қалай ұстау керектігін үйрету. Жанұя мүшелерін сыйлауға тәрбиелеу.	• Дид/ойын: «Тату-тәті отбасы» Шарты: Бөлме ішінде әсем әуен ырғағымен жеңіл билеп жүреді. Педагог әуенді тоқтатып, хабарлама жасайды; «Тату-тәтті жанұя» 3-адам (2,4) тұрады. Балалар үштен, екіден, төрттен бірігеді. Ойын осылай бірнеше рет қайталанады. • Бейнелеу өнері «Мен-адаммын» Педагог балаларға әр түрлі «Портрет» көрсетіп әңгімелеседі. «Автопортрет-бұл суретшінің өз суретін салуы. *Педагог балаларға сызба түрінде адамның дене бітімін салуды үйрету. *Бас-сопақша. Онда шаш, құлақ, көз, қас, кірпік, мұрын, ауыз бар. *Бас пен денені мойын біріктіреді. *Дене ұзындау сопақша пішінде. *Қолы мен аяғы таяқша тәріздес. *Қолында бес саусақ бар. * Сегіту сәті: «Бес саусақ» * Дид/ойын: «Сиқырлы қолғап» Педагог сиқырлы қолғапты киіп, бес саусақты біріктіріп көрсетіп, жанұя мүшелерін атап беруді ұсыну. Ойын бірнеше рет қайталанады. Бас бармағым- атам, балан үйрек-әжем. Т.б

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Менің отбасым!»	Бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу. Отбасының туыстық қарым-қатынасы, дәстүрлері, ата-аналарының қызметі жөнінде түсініктерін кеңейту.	«Менің жанұям!» тақырыбында әңгіме. Педагог балаларға өз жанұялары туралы айтып беруді ұсынады. Мысалы; «Менің үйімде атам, әжем, әкем, анам, інім бар» -Сенің атаңның аты кім? -Өз жанұяңның мүшелерін атап берші? -Әкең қайда жұмыс істейді? -Інің нешеде? Дид/ойын; «Кім жоқ?» Тақтадағы суреттердің ішінен отбасы мүшелерін таңдау. Сергіту сәті: «Бес саусақ» Дид/ойын: «Менің үйім!» Сурет бойынша балалар өз бөлмелерін атайды; ас бөлмесі, жататын бөлме, қонақ бөлмесі, жуынатын бөлме, т.б. • «Біз не білдік?» *Отбасы-өмірлік мақсаты бір, өзара мейірімділік пен жылулық, қуаныш пен түсіністікте тірлік етер жаны жақын адамдар арасындағы қарым-қатынас. * «Отбасына тілек» жылулық шеңбері.

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Менің отбасым!»	Отбасы туралы түсінік беру. Өзі жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету. Үйдегі қауіпсіздік ережелердің негіздерімен таныстыру. Ойын арқылы есте сақтау қаблеттерін, ұжымдық жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Үстел үсті және саусақ театры арқылы артистік қаблеттерін дамыту. Үлкендерге деген құрмет сезімдерін қалыптастыру, жанұядағы жұмыстарға ерікті түрде көмектесуге баулу.	• Жылулық шеңбері: Педагог балаларды ішкі және сыртқы шеңберге тұрғызады. Балалар өз отбасы мүшелері өздерін қалай еркелетіп айтатынын естеріне түсіріп, бір-біріне жылы сөздер сыйлайды. • «Не қымбат?» Қазыбек бидің сөзі. Оқу. Талдау. Әңгімелесу. «Әр адамның өз отбасы болады. Отбасы бірнеше адамнан тұрады; ата, апа, әке, шеше, аға, іні, қарындас, әпке, т.б. Олар кез келеген істі бірігіп атқарады, бір-біріне көмектеседі. Отбасында біз үлкендерді сыйлауға, кішілерге көмек көрсетуге, оларға қамқор болуға үйренеміз» • Менің жанұям» саусақ жаттығуы Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым-әкем, балаң-үйрек-апм, Ортан терек-әкем, шылдыр шүмек-мен, титтай бөбек –сен Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз! • «Біз не білдік?» •

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Менің отбасым!»	Өз жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету. Үйдегі қауіпсіздік. Ережелерінің негіздерімен таныстыру. Ойын арқылы есте сақтау қабылеттерін, ұжымдық жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Үстел үсті ойындарын үйрету.	• «Еркелету» жылулық шеңбері Педагог балаларды ішкі жіне сыртқы шеңберге тұрғызады. Балалар отбасы мүшелері өздерін қалай еркелетіп айтатынын естеріне түсіріп, бір*-біріне жылы сөздер сыйлайды. • Дид/ойын: «Кім жоқ?» Педагог тақтаға отбасы мүшелерінің суретін іліп қояды. Балалар көздерін жұмады. Педагог тақтадағы бір отбасы мүшесінің суретін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, мұқият қарап шығып, кімнің суреті жоқ екенің табады. • Қауіпсіздік ережесі: Педагог қабырғадағы «Қарлығаштың ұясына» (сәнді көрнекілік етіп жасалған) қолын салып, одан кітапша (хат) алып шығады. Онда жазылған үйде сақтауға қажетті қауіпсіздік ережелерімен таныстырады *Қолыңа сіріңке алма, өрт шығуы мүмкін *Газдан абай бол! Ол тез тұтанып, жарылуы мүмкін. * «Біз не білдік?»

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Қолғап Театыры»	Қолғап театыры түрлерімен таныстыру. Ертегі қойылымы арқылы сөздік қорларын, ойлау қаблеттерін дамыту. Сахналау барысында кейіпкерлердің бейнесіне еніп, олардың мінез құлқын келтіру. Жанашырлық, мейірімділік, адами қасиеттерге тәрбиелеу.	• «Достық» шеңбері *Қол алысып қане біз, *Достасайық бәріміз. *Айтарым бар сендерге *Тез тұрындар шеңберге *Қандай жақсы бір тұру *Достарменен бір жүру *Қандай жақсы дос болу. Айару балаларға киіlmелі (қолға киіп ойнайтын) театыр түрлерін алып келіпті. Қолғап театырын актерлер қолдарына киіп, қуыршақтарға жан бітіріп, сахнада ойнатады. Екі қуыршақ шыққан кезде қайсысы сөйлеп тұрғанын ажырату үшін, сөйлемей тұрған қуыршақты қозғалтпай ұстайды. <i>(Балалар өздеріне ұнаған қуыршақты қолдарына киіп, ертін бір-біріне сөйлеп, қуана ойнайды)</i> Тіл жаттығуы: Ғы-ғы-ғы Мүйізі үлкен бұғы. Ұс-ұс-ұс Бүркіт үлкен құс Шы-шы-шы Аң аулайды аңшы. Дид/ойын: «Бұл қандай театыр?»

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет кезеңдері
«Қолғап театыры»	Қолғап театыры түрлерімен таныстыруды үйретуді жалғастыру. Ертегі қойылымы арқылы, сөздік қорын, ойлау қаблеттерін дамыту. Сахналау барысында кейіпкердің бейнесіне еніп, олардың мінез-құлқын келтіру. Түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонация мен дыбыстауды қалыптастыру.	• Дид/ойын: «Кандай театыр?» *Қолғап театыры *Көлеңкелі театыр *Саусақ театыры *Қуыршақ театыры • «Бұл қай ертегі?» «Бауырсақ» «Шалхан» «Мақта қыз бен мысық» «Үйшік» т.б. • Қолғап театыры арқылы өздері қалаған ертегіні ойнайды. • Сергіту сәті; - Ұқсап маймыл балаға - Жаттығып жүр далада. - Оң аяқпен топ-топ, топ - Сол аяқпен топ-топ, топ • «Біз не білдік?» - Кейіпкердің ролін сомдау кезінде, түрлі дауыс күшін, эмоциясын, қимыл-қозғалысын қолданады.

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Тыйым сөздер»	Халқымыздың ғасырлар бойы жасасап, бізге жеткен асыл мұраларының бірі тыйым сөздер. Олардан халқымыздың әдет-ғұрпы, наным-сенімін ғана біліп қоймай, балалар бойына тәләм-тәрбие сіңірту. Тыйым сөздер мазмұны мен мақсатына қарай тұрмыстық, шаруашылық, еңбек, мәдени-гигиена, экологиялық тәрбие деп бөлінеді.	• Жылулық шеңбері: Балаларды шеңберге тұрғызып, жүрекшені бір-біріне беру арқылы жылы тілектерді білдіреді. • Балаларға «Тыйым сөздер»-мағынасын түсіндіру. *Тұрмыстық-шаруашылыққа байланысты тыйым сөздер. *Нан үстіне зат қойма. *Нанды лақтырма. *Тұзды баспа. *Отқа түкірме. *Нанды бір қолмен үзбе. *Мәдени-гигиеналық мағынаны қалыптастыратын тыйымдар. *Саусағыңды аузыңа салма. *Бас киіммен ойнама. *Таңдайыңды қақпа. *Бсыңды шайқама. *Екі езуіңді керме. *Жағыңды таянба. * Дид/ойын «Жалғасын тап!» Мақсаты: Ойлау қаблеттерін арттыру, тіл байлықтарын арттыру.

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Жұмбақтар»	Жұмбақ айтып, оның шешімін табу-хаық ішінде ертеден-ақ кең жайылған. Көп тарағаны туралы түсінік беру. Балаларға тыйым сөзер туралы ұғымды таныстыруды жалғастыру Балалардың қызығушылық қаблеттерін арттырып, сөздік қорларын молайту.	• Жылулық шеңбері. Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамызда қаламыз. Дид/ойын: «Күлдіргі жұмбақтар!» Мақсаты: Ауыз екі сөйлеу тілдерін арттыру. Ойлау қаблеттерін дамыту. Мыс: Өз қалпағын, тастамайды басынан? • Сергіту сәті: Топ-топ, топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса-жаса, жарқын күн, Жаса-жаса алтын күн! *Жәндіктер:Иісшіл-ит емес, ұшады-құс емес *Жеміс-жидектер, төрт түлік мал, жануарлар,жер табиғат құбылыстары, құстар, оқу, білім, кітап,Күн, ай, аспан, жұлдыз,адамның дене мүшелері,кәсіп т.б т.рлерге арналған жұмбақтар бар екенін түсіндіру. • Жылулық шеңбері

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Жұмбақтар»	Жұмбақ туралы түсініктерін арттыруды жалғастыру. Ауыз екі сөйлеу тілдерін дамыту. Ойлау қаблеттірін байыту. Жұмбақтардың бөлінетінін естеріне сақтауын үйрету.	• Шаттық шеңбері. Біз балалар, бағында, Тұрмыз өте көңілді. Көп болсақта достықпен, Өткіземіз өмірді. Дид/ойын: «Күлдіргі жұмбақтар» Мақсаты: Ауыз екі сөйлеу тілдерін арттыру. Ойлау қаблеттерін арттыру. Қызығушылықтарын арттыру. Балаларға сурет немесе ойыншықтарды көрсете отырып жұмбақтар жасыру. *Күндіз тіпті ұйықтайды, Түнде тышқан ұстайды. Көзі шамға ұқсайды. (жапалақ) *Еркін самғап ұшады, Мәпелейміз баптаймыз. Бейбітшілік құсы деп Қай құсты біз мақтаймыз! (Көгершін) • Не білдік? Балалар бұл жұмбақтың құстар туралы екенін түсінді. Жұмбақтардың бөліктерден тұратынын білді.

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Шалқан» ертегі	Шығарманы оқу арқылы түсінуге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнеріне келтіре айта білуге дағдыландыру. Балалардың көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру. Көркем сөйлеуге үйрету, баланың дауыс интонациясын қадағалау.	• Шаттық шеңбері • «Достық» жылулық шеңбері: Балаларды ішкі және сыртқы шеңберге тұрғызып, өз отбасындағы адамдарды айтып, жүрекшені сыйлайды. • Жұмбақ: Жасыл балам көгенде тұрып семірген. (Шалқан) • «Шалхан» ертегісін оқу. Талдау. Жандандыру. • - Атасы не екті? • -Кімдерді көмекке шақырды? • -Апасын, немересін, Итін, мысығын, тышқанды. Мінекей осындай мейрімді, бауырмал, бір-бірімізге әрдайым көмектесіп жүруіміз керек екен. • Сергіту сәті Қуыр, қуыр, қуырмаш, Мен айтайын-қолыңды аш. Мынау тұрған бас бармақ, Жұмыс содан басталмақ.

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет кезеңдері
«Шалхан» ертегі	Ертегі кейіпкерлерінің ерекшеліктерін ажырата білуге, көркем сөйлеуге үйрету. Түрлі эмоцияларды келтіру үшін дыбыстарды қалыптастыру, ертегіні есте сақтауға, шығармашылыққа тәрбиелеп сөйлеу тілдік қорын молайту.	• Жылулық шеңбері Балалар мен өз ата, апалары туралы әңгіме жүргізу. • «Шалқан» ертегісін мәнерлеп оқу. • Сұрақ-жауаптар -Ата не егеді? -Шалқан қандай болып өседі? -Атасы кімді шақырады? -Апасы кімді шақырады? -Немересі кімді шақырады? -Иті кімді шақырады? -Мысығы кімді шақырады? -Тышқанды? Көмекке кім келгенде шалқанды жұлып алады? -Тышқан келгенде • Дид/ойын: «Бұл қай ертегі?» Шарты: Фланелеграф арқылы ертегілерді құрастырады • «Біз не білдік?»

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Ойын ойнап, ән салмай»	Баланың музыкалық қабілетін жан-жақты дамытуды жалғастыра отырып. Сахна мәдениетін бойына сіңіре отыра, жеке тұлға етып қалыптасуына ықпал ету.	• Жылулық шеңбері Педагог балаларға, қызыл, сары, көк, жасыл түсте жалаушаларды таратып, ішкі және сыртқы шеңберге тұрғызу. Балалар, кезекпен жылы сөз айтады. • Дид/ойын: «Өз үйін тап?» • Сергіту сәті Әйгөлек-ау, әйгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Айдай толған кезінде, Би-билейміз дөңгелеп. • «Ертегілер» Музыка әуеніне сәйкес қимылдар жасайды. • Дид/ойын: «Әнші балапан» • Біз не білдік?

Тақырыбы	Мақсаты	«Іс-әрекет кезеңдері
«Ойын ойнап, ән салмай»	Баланың музыкалық қабылетін жан-жақта дамыта отырып, сахна мәдениетін бойына сіңіруде, оның жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ету.	• Жылулық шеңбері Әйгөлек-ау, әйгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Айдай толған кезінде, Би-билейміз дөңгелеп. Бүлдіршіндердің бойына халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін өнегелі қасиеттерін сіңіре отырып, әдемілікке, әдептілікке, инабаттылыққа, имандылыққа өнерге деген сүйіспеншілігін арттырып музыкалық сезімдерін ояту мақсатында ойынды жүргізу. Дид/ойын: «Әнші балапан!» «Кур-қуыр, қуырмаш» «Әйгөлек» «Орамал тастау» «Алақан соқпақ» т.б «Бала тілі бал!» Ойындар ойнап, өздері қалаған әндерін айтып, би билеу.

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Мақал-мәтел»	Мақал-мәтелдер арқылы балаларды, мейрімділікке, инабаттылыққа, имандылыққа, ептілікке баулу. Ұлттық ойын-сауық түрлерімен таныстыру. Сөйлеу қорланын дамытып, ойлау қаблеттерін арттыру.	• Жылулық шеңбері Балаларды жартылай шеңбер бойымен тұрғызып, «Сымсыз телефон» ойынын ойнату. • «Кім біледі?» • Сұрақ-жауап • «Достық, жолдас, дос, татулық»- туралы мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру. *Дос- ажарың, жолдас- базарың. Т.б • «Досыма хат!» Балалар, өзери қалаған достарына сурет салып, сыйлауды ұсыну. • Суреттер арқылы мақал-мәтелдер үйрету. • Біз не білдік?

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-ірекет кезеңдері
«Мақал-мәтелдер»	Мақал-мәтелдер арқылы балаларды, мейрімділікке, инабаттылыққа, имандылыққа, ептілікке баулу. Ұлттық ойын-сауық түрлерімен таныстыру. Сөйлеу қорлан дамытып, ойлау қаблеттерін арттыру.	• Шаттық шеңбері Балаларды шеңберге тұрғызып, бір-біріне жылы тілектер айтқызу. - Балаларға суреттер, немесе ойыншықтар көрсетіп, мақалдың мағынасын түсіндіру. Мысалы: Ұя: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» Дос: «Күлме досыңа, келер басыңа» • Сергіту сәті • Адамгершілік, жақсылық, қайырымдылық, мейрімділік *Адам бір-біріне қонақ *Анам берген туған тілім *Ана сүті бой өсіреді *Бұлбұл гүлзарын сүйеді, Адал адам отанды сүйеді. • Ойын: «Суретпен жұмыс» • Біз не білдік?

Тақырыбы	Мақсаты	Іс-әрекет барысы
«Санамақтар»	Балаларды санамақтар айтуға үйрету. «Санамақ» ойыны арқылы саусақтың аттарын үйрете отырып балалардың тіл байлықтарын байытып, ойлау қаблеттерін арттыру.	• Шаттық шеңбері Біз кішкентей баламыз, Өсіп-өніп толамыз. Көкке қарап талпынып, Күнге қолды созамыз. • «Санамақтар» туралы түсінік, жандандыру. • Бас бармағым-атам, Балан үйрек –әжем Ортан терек-әкем Шылдыр шүмек-анам Кішкене бөбек-мен Міне, менің барлық отбасым! • Сергіту сәті Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай қалықтап. Бір отырып-бір тұрып, Жаттығулар жасаймыз. • Дид/ойын: «Көп қой түрлі санамақ»

№11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы
Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

№3 «Күнбағыс» ортаңғы топ
Вариативтік жоспар
(нөмірленген, бет саны 37 бауланған, мөрімен бекітілген)

Басшысы:



А.Ш.Есбол.

2020-2021ж